

«Астана Медицина Университеті»АҚ

Стоматология және бет-жақ хирургиясы кафедрасы

Тақырыбы: Бет әлпеті мен ауыз қуысына жасалатын операциялардың асептикасы мен антисептикасы.

Амбулаторлық хирургиялық стоматологиялық қабылдауда АИВ(ВИЧ) инфекция мен гепатиттің алдын алу.

Орындаған: Әлішер С.Қ
Тексерген: Шабанбаева Ж.А

Астана -2014

Жоспар

I. Кіріспе

- Асептика және антисептика ұғымы

II. Негізгі бөлім

- Тет әлпеті мен ауыз қуысын операцияға дайындау

III. Қорытынды

- АИВ және гепатит инфекцияларына қарсы күрес

IV. Пайдаланған әдебиеттер



- Қазіргі кезде стоматологиялық клиникаларда соның ішінде хирургиялық бөлімшелерде инфекциялардың таралуы көптеп кездеседі. Инфекция сілекей, қан, ауа және құрал жабдықтар арқылы беріледі. Негізгі инфекция көзі ауыз қуысы болуы мүмкін, себебі ауыз қуысында көптеген микроорганизмдер кездеседі. Сондықтан бет әлпеті және ауыз қуысына операция жасаған кезде асептика және антисептика қағидаларын толық орындаған жөн

Асептика



- Асептика-инфекцияның пайда болуына қарсы бағытталған шаралар. Ол ең алдымен операциялық бөлмелердің, құрал-жабдықтардың, операциялық алаңның, таңу материалдарының дұрыс стерелизациялануы және операция кезінде белгілі ережелерге сай жұмыс жасау.



Бастапқы операцияларды кезіндегі асептикалық іс- шаралар:

- Операциялық бөлмені тазалау
- Дәрігер қолының арнайы өңделуі
- Операциялық алаңды дезинфекциялау: құрал жабдықтарды, таңғыш материалдрды, төсемелерді
- Хирургиялық манипуляция жасайтын хирург дәрігер арнайы киімде болуы тиіс
- Медициналық персонал жылына 2 рет жұқпалы ауруларға тексерілуі керек
- Жұқпалы аурулармен ауыратын науқастарды қабылдағанда дәрігер мен оның көмекшісі медициналық киімдерін толық ауыстырады.



Асептиканың бөлімдері

дезинфекция

- адамдарда ауруқоздыратын микро-организмдерді жоюға бағытталған шаралар жүйесі. Залалсыздандыру – жұқпалы аурулардың кең таралып кетуін болдырмау шараларының бірі.

стерилизация

- аспаптарда, таңу материалдарында микроағзалар мен олардың спораларын толық жою болып табылады.

Операциялық бөлмені тазалау

- Алдын –ала тазалау
- Ағымды тазалау
- Қорытынды тазалау
- Генеральный

- Манипуляциялық столдарды, стерильді аспаптарға арналған столдарды, шкафтарды, кранды, раковиналарды; 1%- хлорамин, 1%-амфолан ертінділерімен, 0,5-1% хлоргексидин биглюконаты, 0,25% натрий гипохлориды ертіндісімен сүртеді.
- Операцияны бастаудың алдында науқастың ауыз қуысын 0,5% хлоргексидин биглюконаты ертіндісімен шаяды. Ауыз қуысындағы тағам қалдықтарынан және тіс шөгінділерінен тазалау қажет.
- Ал бет әлпетіне операция жасалатын болса операция аймағын 70% этил спиртімен өйдейді. Сонымен қатар операциялық аймақтың терісін өңдеу үшін гибитан, роккол, иодонат, иодопирин қолданады.

Ауыз қуысы және бет әлпеті операцияларында қолданылатын аспаптарды залалсыздандыру:

- Операция кезінде қолданылатын аспаптар ауыз қуысының шырышты қабығымен жіне тіндермен жанасатын болғандықтан арнайы залалсыздандудан өтуі қажет. Операция кезінде қолданылатын кескіш құралдар 1 реттік қолданылатын болу керек.
- Бет әлпеті операциясы кезінде хирург және медбике арнайы стерильді халат, перчатка, бахиллы кию керек. Операция кезінде медбике стерильді столдағы аспаптарды арнайы қысқыштармен алу керек.

Операциядан кейінгі кезең

- Операциядан кейін қолданылған материал және аспаптар арнайы контейнерлерге салынады. Үшкір кесетін аспаптар дәкеден жасалған таңу материалдарынан бөлек арнайы контейнерлерге салынуы қажет.
- Операциялық алаң
- 1-3% иодтың спиртті ертіндісі
- 1%- дегмицид
- 0,2% хлоргессидинның сулы-спиртті ертіндісімен өңделеді.

Антисептика - адам организмiне түскен инфекциямен күресу шаралары.

- Механикалық антисептика
- Физикалық антисептика
- Химиялық антисептика
- Биологиялық антисептика

Физикалық антисептика

- Физикалық антисептикаға шаю, дренаждау, тампонада, диализдеу жатады. Антисептиканың бұл түрінің ең қарапайым әдісі вирусқа қарсы дәрілерді және жіңішке резиналы дренаждарды, дренажды хлорвинильді түтікшелерді, йодоформ немесе ксеноформды тампондарды қолдану болып табылады. Антисептиканың физикалық түріне ультракүлгін, лазерлі, ультрадыбысты әсерлерді жатқызуға болады.

Химиялық антисептика

- Ауыз қуысы және бет әлпеті операцияда микробқа қарсы және жараның жазылуына әсер ететін химиялық қоспаларды қолдану.
- Детергенттер, хиноксалин туындылары, метронидозол, бояғыштар, фуран препараттары, сульфаниламидтер және анаэробты инфекцияға қарсы басқа да препараттар қолданылады. (1-3% бор қышқылының сулы ертіндісі, 1-2% салицил қышқылының спиртті ертіндісі,)
- Қазіргі кезде хлоргексидин және диоксидин препараттары көп қолданылады.

Биологиялық антисептика

- Бет әлпеті операцияларында биологиялық әсер етітін препараттарды қолдану.
- Антибиотиктер(цефалоспорииндер,тетрециклиндер, аминогликозид, пеницилиндер)
- Ферменттер(протеолитикалық)
- Бактериофагтар

АИВ жұқпасы

- Ұзақ уақыт лимфоциттерде, макрофагтарда, жүйке тіндерінде персистерлеуші қабілеті бар адамның иммуножетіспеушілік вирусымен шақырылатын ауру. Тіндерде ұзақ уақыт сақталуы салдарынан организмнің жүйкелі және иммундық жүйесін баяу зақымдайды, ол екіншілік инфекциялар, жеделдеу энцефалитпен, ісіктер және тағы да басқа патологиялық өзгерістермен сипатталады, осының бәрі науқас адамның өліміне әкеледі.

- Стоматологияда АИВ жұқпасымен және гепатиттің алдын алу үшін стоматолог дәрігер және медбике 2 резина перчатка, бас киім, бахиллы, қорғаныш көзілдірігін киюі тиіс.
- Науқасқа қолданылған аспаптарды жеке залалсыздандыр керек
- АИВ жұқпасымен ауырған науқас болғаннан кейін ағымды дезинфекция жасалады және кварцталады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- *Хирургиялық стоматология – Оразалин Ж.Б, Төлеуов Қ.Т*
- *Хирургическая стоматология и челюстно-лицевая хирургия- А.А Кулакова, Т.Г.Робустова. А.И.неробеева*
- *Хирургическая стоматология – Т.Г Робустова*
- *Хирургическая стоматология – В.В Афанасьев*